

Бірегей тұқымдарды өндіруді субсидиялаудың 2003 жылға арналған ережесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 16 сәуірдегі N 365 қаулысы

"2003 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 26 желтоқсандағы N 1379 қаулысына сәйкес және отандық ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің бірегей тұқымдарын өндірушілерді қолдау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Бірегей тұқымдарды өндіруді субсидиялаудың 2003 жылға арналған ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы ресми түрде жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 3

ж ы л ғ ы

1 6

с ә у і р д е г і

N

3 6 5

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Бірегей тұқымдарды өндіруді субсидиялаудың 2003 жылға арналған ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже 2003 жылға арналған республикалық бюджетте 058 "Бірегей тұқымдарды өндіруді субсидиялау" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен және соның шегінде ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің бірегей тұқымдарын өндіруді субсидиялаудың тәртібі мен шарттарын айқындайды.

2. Субсидиялар Қазақстан Республикасында пайдалануға жол берілген және (немесе) перспективалы деп танылған ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің сорттары бірегей тұқымдарының нақты өндірілген көлемі үшін белгіленген тәртіппен аттестатталған бірегей тұқымдарды өндірушілерге (бұдан әрі - оригинаторлар) төленеді.

3. Бірегей тұқымдарды өндіруді субсидиялау Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі (бұдан әрі - Ауылшармині) белгілеген квоталар мен тұқымдардың әрбір түрі бойынша шығыстар шеңберінде ағымдағы жылға арналған республикалық бюджетте осы мақсаттарға көзделген қаражаттың есебінен және соның шегінде жүзеге асырылады.

Квота элиталық тұқымдарды алу үшін оларды өндірудің ғылыми негізделген нормаларына сәйкес бірегей тұқымдардың әрбір түрі бойынша әрбір оригинаторға белгіленеді.

4. Бірегей тұқымдықтың әрбір түріне арналған субсидиялар нормативтері қосымшаға сәйкес белгіленеді.

Бірегей тұқымдарды көбейту жылдары мен сорттары бойынша субсидиялар мөлшерін бірегей тұқымдардың әрбір түрі үшін субсидиялардың белгіленген нормативі шегінде Ауылшармині белгілейді.

2. Бірегей тұқымдарды өндіруге субсидиялар төлеу тәртібі

5. Өндірілген ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің бірегей тұқымдарына субсидия алу үшін :

1) оригинаторлар 2003 жылғы 20 қарашаға дейінгі мерзімде белгіленген квоталар шегінде бірегей тұқымдарды өндіру фактісін растайтын, Ауылшарминінің облыстық аумақтық органы (бұдан әрі - облыстық аумақтық басқарма) бекіткен құжаттарды Ауылшарминіне тапсырады ;

2) бекіту үшін оригинаторлар облыстық аумақтық басқармаларға мына құжаттарды:

бірегей тұқымдардың нақты өндірілген көлемдері жөніндегі екі данадағы тізілімді: біреуі - облыстық басқарма үшін, екіншісі - Ауылшармині үшін;

бірегей тұқымдарды кіріске алу актісін;

бірегей тұқымдардың егістерін сынақтан өткізу актілерін;

егістіктерді сынақтан өткізу туралы екі данадағы есепті: біреуі - облыстық аумақтық басқарма үшін, екіншісі - Ауылшармині үшін;

тексерілген бірегей тұқымдардың саны мен сапасы туралы белгіленген тәртіппен атестатталған тұқым сапасын сараптау жөніндегі зертхананың анықтамасын тапсырады ;

3) облыстық аумақтық басқармалар тапсырылған құжаттарды тексереді, оригинатор нақты өндірген бірегей тұқымдардың көлемдері жөніндегі тізілімді бекітеді, облыс бойынша нақты өндірілген бірегей тұқымдардың көлемдері жөнінде жиынтық тізілім жасайды және көрсетілген құжаттарды осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген құжаттардың түпнұсқаларымен қоса Ауылшарминіне жібереді.

Оригинатор нақты өндірген бірегей тұқымдардың көлемдері жөніндегі бекітілген тізілімнің, облыс бойынша өндірілген бірегей тұқымдардың көлемдері жөніндегі жиынтық тізілімнің, бірегей тұқымдар егістігін сынақтан өткізу актілерінің және егістіктерді сынақтан өткізу туралы есептің бір данасы облыстық аумақтық басқармада сақтауға қалдырылады ;

4) Ауылшармині тапсырылған құжаттарды тексереді, республика бойынша бірегей тұқымдардың нақты өндірілген көлемі жөнінде жиынтық акт жасайды және белгіленген субсидиялар нормативтері негізінде оригинаторларға тиесілі бюджет

ақшасының көлемін айқындайды, субсидия төлеу үшін ведомост жасайды және республикалық бюджеттен қаражат түсуіне қарай тиесілі сомаларды оригинаторлардың есеп айырысу шоттарына аударады.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің аумақтық органына Ауылшармині мына құжаттарды:
субсидияларды төлеуге арналған ведомості;
ақы төлеу шотын тапсырады;

5) оригинатор нақты өндірген бірегей тұқымдардың көлемдері жөніндегі тізілім, облыс бойынша нақты өндірілген бірегей тұқымдардың көлемдері жөніндегі жиынтық тізілімнің, республика бойынша нақты өндірілген бірегей тұқымдардың көлемдері жөніндегі жиынтық тізілімнің нысандарын, тексерілген бірегей тұқымдардың саны мен сапасы туралы белгіленген тәртіппен аттестатталған тұқым сапасын сараптау жөніндегі зертхананың анықтамасын, бірегей тұқымдарды кіріске алу актісін, субсидия төлеуге арналған ведомостарды Ауылшармині белгілейді.

Е р е ж е г е

қосымша

Ауыл шаруашылығы өсімдіктері бірегей тұқымдарының әрбір түріне арналған субсидиялар нормативтері

Өнімнің түрі	Бірегей	1 тоннаға
	тұқымдардың бір	арналған
	тоннасын өндіруге	субсидия
	арналған	нормативтері,
	шығындарды өтеу	теңге
	% - ы	

Өсіру питомниктері мен аналық нысандар

Жүгері	мен	күріштен	басқа,
астық	және	дәнді	бұршақ
дақылдары		40-қа дейін	36219
Жүгері		40-қа дейін	222000
Күріш		40-қа дейін	50880
Күнбағыс		40-қа дейін	180000
Басқа майлы дақылдар		40-қа дейін	108000
Картоп		40-қа дейін	82890
Жоңышқа		40-қа дейін	381600
Басқа көп жылдық шөптер		40-қа дейін	146400
Бір жылдық шөптер		40-қа дейін	38040

Қант қызылшасы	40-қа дейін	1405500
Мақта	40-қа дейін	69960

С у п е р э л и т а

Жүгері мен күріштен астық және басқа, дәнді бұршақ		
дақылдары	40-қа дейін	7819
Жүгері	40-қа дейін	47915
Күріш	40-қа дейін	10982
Күнбағыс	40-қа дейін	38850
Басқа майлы дақылдар	40-қа дейін	23310
Картоп	40-қа дейін	17890
Жоңышқа	40-қа дейін	82362
Басқа көп жылдық шөптер	40-қа дейін	31598
Бір жылдық шөптер	40-қа дейін	8210
Қант қызылшасы	40-қа дейін	303354
